Қосылу шарты

Осы Қосылу шартымен (бұдан әрі – Шарт) **«Қаржы орталығы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Тапсырыс беруші)** бұдан әрі бірлесіп Тараптар және жеке-жеке Тарап немесе төменде көрсетілгендей аталатын Шартқа қосылған Тапсырыс берушінің Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі – білім беруді басқару органы), 2026 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру үшін мектепке дейінгі ұйымдардың тізбесіне білім беруді басқару органы енгізген мектепке дейінгі ұйымдардың (бұдан әрі – Өнім берушілер), мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша білім беруді басқару органы қалыптастыратын контингентке (бұдан әрі – Көрсетілетін қызметтерді алушылар) енгізілген балалардың ата-аналарының немесе өзге де заңды өкілдерінің (бұдан әрі – Өкілдер) және болған жағдайда Шартқа қосылған екінші деңгейдегі банктің/Ұлттық пошта операторының өзара іс-қимылының стандартты талаптарын айқындады.

Шарттың мақсаттары үшін Тапсырыс беруші деп онымен жасалған тапсырма шартының шеңберінде білім беруді басқару органының атынан және соның есебінен әрекет ететін «Қаржы орталығы» акционерлік қоғамы түсініледі. Тапсырыс берушінің осы Шартқа қосылуы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беруді іске асыруды қамтамасыз ету мақсатында ғана жүзеге асырылады және ол үшін өзіне тапсырма шартында көзделмеген қосымша міндеттемелерді қабылдауға әкеп соқпайды.

Тапсырыс беруші Өнім берушілер мен Көрсетілетін қызметтерді алушылардың өкілдері арасындағы шарттардың тарабы болып табылмайды, сондай-ақ көрсетілетін қызметтердің сапасы мен көлемі бойынша тікелей міндеттемелер жасамайды. Тапсырыс беруші білім беруді басқару органымен жасалған тапсырма шартында берілген өкілеттіктер шегінде ғана жауапты болады және Өнім берушінің, Көрсетілетін қызметтерді алушылар өкілдерінің немесе екінші деңгейдегі банктің/Ұлттық почта операторының осы Шарттың талаптарын тиісінше орындамағаны үшін мүліктік жауаптылықта болмайды.

Шарт Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 381-бабына сәйкес өзінде мынадай элементтерді қамтитын аралас шарт болып табылады:

- Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 41-тарауына, «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 39-бабы 3-тармағының 36) тармақшасына (Қазақстан Республикасының заңдарында айқындалған адамнан көрсетілетін қызметтерді сатып алу) және «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабының 13-1) тармақшасына сәйкес (жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыруға қатысушылардың қызметін үйлестіруді жүзеге асыратын білім беру саласындағы уәкілетті органның операторы) жасалған тапсырма шарты, оған сәйкес білім беруді басқару органы (сенімгер) тапсырады, ал Тапсырыс беруші (сенім білдірілген өкіл) «Көрсетілетін білім беру қызметін алушылар бойынша дербестендірілген қаржыландыруды ескере отырып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру жөніндегі пилоттық жобаның кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің

2024 жылғы 30 жетоқсандағы № 372 бұйрығымен (бұдан әрі – Алгоритм) көзделген тәртіппен мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жөніндегі өнім берушілердің тізбесіне (бұдан әрі – өнім берушілердің тізбесіне) білім беруді басқару органы енгізген мектепке дейінгі ұйымдарда мектепке дейінгі тәрбиелеуге және оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруды өтеусіз негізде жүзеге асырады;

- Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 389-бабының 1 тармағына сәйкес және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 14 қаңтардағы № 12 бұйрығымен бекітілген Біріңғай сатып алу порталы арқылы (бұдан әрі – мемлекеттік сатып алу веб-порталы) мемлекеттік білім беру тапсырысының көрсетілетін қызметтерінің шарттарын жасасу қағидаларының (бұдан әрі – Шарттар жасасу қағидалары) 9-тармағын ескере отырып жасалған қосылу шарты, оған сәйкес Тапсырыс беруші білім беруді басқару органының атынан және соның есебінен мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруды жүзеге асырады.

Шартқа қосылу былай жүзеге асырылады:

Өнім беруші үшін – Тапсырыс берушіден хабарлама алғаннан кейін Шартқа қосылу туралы өтінішке мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы электрондық цифрлық қолтаңбамен қол қою арқылы;

білім беруді басқару органы үшін – білім беруді басқару органының уәкілетті өкілінің тапсырма шартына қол қоюы арқылы, оған сәйкес білім беруді басқару органы (сенім білдіруші) тапсырады, ал Тапсырыс беруші (сенім білдірілген өкіл) Алгоритмде көзделген тәртіппен білім беруді басқару органы Өнім берушілер тізбесіне енгізген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруды өтеусіз негізде жүзеге асырады;

екінші деңгейдегі банк/Ұлттық почта операторы үшін – Тапсырыс берушіден жазбаша хабарлама алғаннан кейін Тапсырыс берушінің атына фирмалық бланкіде ресімделген және оған екінші деңгейдегі банктің/Ұлттық почта операторының осыған уәкілетті өкілі қол қойған Шартқа қосылу туралы жазбаша өтініш жіберу жолымен Тараптардың ресми құжат айналымы арқылы;

Көрсетілетін қызметтерді алушылардың өкілдері үшін:

қаржылық ваучер кезінде - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес екінші деңгейдегі банк/Ұлттық почта операторы көздеген тәртіппен Шартқа қосылу туралы өтінішке қол қою жолымен екінші деңгейдегі банктің/Ұлттық почта операторының ақпараттық жүйесі және (немесе) мобильді қосымшасы арқылы. Көрсетілетін қызметтерді алушылар өкілдерінің Шартқа қосылуы Алгоритмде көзделген тәртіппен білім беру қызметтерін алушылар бойынша ваучерлік қаржыландыруды ескере отырып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру бойынша олардың барлық іс-қимылдарын жүзеге асыруға олардың келісімін білдіру нысаны болып табылады;

виртуалды ваучер кезінде - Өнім беруші мен Көрсетілетін қызметтерді алушы арасында білім беру қызметтерін көрсету шартын жасасу арқылы. Білім беру қызметтерін көрсету шартын жасаса отырып Көрсетілетін қызметтерді алушының өкілі Алгоритмге сәйкес осы мектепке дейінгі ұйымда оның баласы үшін мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруды көздейтін қосылу шартына қосылуға келісім білдіреді.

Тараптардың шартқа қосылу туралы өтінішке қол қоюы олардың:

Шарттың талаптарымен, оның ішінде оған барлық қосымшалармен келісім білдіру нысаны болып табылады және Тараптардың Шарттың барлық талаптарын толық көлемінде оқығанын, түсінгенін және оларды ескертулер мен қарсылықтарсыз қабылдағанын куәландырады;

«Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 1-тармағына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру шеңберінде Тараптардың дербес деректерін жинауға және өңдеуге келісімін білдіру нысаны болып табылады.

1-тарау. Шарттың мәні

1.1. Өнім беруші осы Шартта көрсетілген ережелер мен талаптарға сәйкес білім беру/оқыту саласында (ТЖҚ БНА 841211.000.000000 коды) атап айтқанда, мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиеленушілеріне мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бойынша білім беру қызметін (бұдан әрі – Көрсетілетін қызметтер) көрсету бойынша қызметтер көрсетуге міндеттенеді:

1) **Тапсырыс беруші** Өнім беруші осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін Алгоритмде белгіленген тәртіппен тиісінше орындаған жағдайда:

осы Шарт пен Алгоритм айқындаған тиісті мәліметтер мен құжаттарды өңдеу нәтижелері бойынша қалыптасқан ұсынылған көрсетілген қызметтер актілерінің негізінде **тиісінше көрсетілген Қызметтерді қабылдауға**;

осы Шартта көрсетілген құжаттар негізінде ағымдағы қаржы жылына арналған қаржыландыру көздеген шекте **төлем жасауға міндеттенеді**.

2) Көрсетілетін қызметтерді алушылардың өкілдері мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы Алгоритмде көзделген тәртіппен орналастырылған кезде Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда көрсетілген Қызметтерді қабылдауға, ал Тапсырыс беруші Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда олар үшін осы Шарттың талаптарымен төлем жасауға міндеттенеді. Қызметтер, Шартта айқындалған мерзімдерде мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілерінің қатысу табелін растағаннан кейін, Қызмет алушылар өкілдерінің тарапынан қабылданған болып есептеледі.

1.2. Төменде аталған құжаттар мен оларда айтылған талаптар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып саналады, атап айтқанда:

1) осы Шарт;

2) Тапсырыс беруші мен білім беруді басқару органы қол қойған тапсырма шарты;

3) Шартқа қосылу туралы Тараптар қол қойған өтініштер;

4) техникалық ерекшелім (Шартқа 1-қосымша);

5) мектепке дейінгі ұйымдарды қаржыландыруға қажеттіліктің болжамды есебі (Шартқа 2-қосымша);

6) Қызмет алушылардың тізімі;

7) білім беруді басқару органы қалыптастырған Өнім берушілер тізбесі;

8) Өнім берушілер мен Қызмет алушылардың өкілдері арасында жасалған мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бойынша білім беру қызметтерін көрсету шарты.

2-тарау. Шарт сомасы

2.1. Шарттың жалпы сомасы Шартқа 2-қосымшаға сәйкес айқындалады және құрайды 2 651 502 264 (екі миллиард алты жүз елу бір миллион бес жүз екі мың екі жүз алпыс төрт) теңге және Қызметтер көрсетуге байланысты барлық шығыстарды, сондай-ақ ҚҚС есептемегенде, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық салықтар мен алымдарды қамтиды (бұдан әрі – Шарт сомасы).

Қосылу шартын Тараптар білім беруді басқару органы ағымдағы қаржы жылына бекіткен бюджеті шегінде жасасты. Білім беруді басқару органының бекітілген бюджеті ұлғайған жағдайда Тапсырыс беруші шарттың жалпы сомасын біржақты тәртіппен ұлғайтады.

2.2. Шарттың жалпы сомасы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруға:

1) виртуалды ваучер кезінде – Өнім берушілердің мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы көрсетілген қызметтер актілерін ұсынуына қарай;

2) қаржылық ваучер кезінде– екінші деңгейдегі банк/Ұлттық почта операторы бюджет қаражатын Қызметті алушылардың шоттарынан Өнім берушілердің шоттарына мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жөніндегі тиісті Қызмет алушылардың көрсеткен Қызметтері үшін қолма-қол ақшасыз аударуына қарай жұмсалады.

2.3. Осы Шарттың 2.1-тармағында көрсетілген Шарттың жалпы сомасы толық игерілген жағдайда көрсетілген Қызметтер үшін төлем білім беруді басқару органы қалалық/облыстық мәслихаттың бекітілген шешімдері шегінде қаржыландырудың қосымша көлемін Тапсырыс берушіге жеткізген және тиісті бюджет қаражаты Тапсырыс берушінің шотына түскен жағдайда ғана жүзеге асырылуы мүмкін.

Осы Шарттың 2.1-тармағында көрсетілген Шарттың жалпы сомасын игеруді есепке алуды Тапсырыс беруші жүргізеді.

3-тарау. Төлем жасау және қаржыландыру тәртібі туралы талаптар

3.1. Көрсетілген Қызметтер үшін төлем осы Шарттың 2.1-тармағында көрсетілген Шарттың жалпы сомасы шегінде, тәрбиеленушілердің нақты контингентіне сәйкес тиісті айда нақты көрсетілген қызметтер үшін техникалық ерекшелімге (Шартқа 1-қосымша) сәйкес көлемде жүргізіледі:

мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру кезінде виртуалды ваучер арқылы:

1) көрсетілетін қызметтерге ақы төлеуді Тапсырыс беруші көрсетілген қызметтер актісіне қол қойғаннан кейін қолма-қол ақшасыз төлем нысанында шарттар жасасу қағидаларының 7-тармағында белгіленген мерзімде өнім берушінің банктік шотына ақша қаражатын аудару жолымен жүзеге асырады.

мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қаржылық ваучер арқылы кезінде:

2) екінші деңгейдегі банк/Ұлттық почта операторы Көрсетілетін қызметтерді алушылардың өкілдеріне қатысу табелін алғаннан кейін техникалық ерекшелімнің 2.4-тармағында (Шартқа 1-қосымша) көрсетілген мерзімде есепті айдың 22-інен кешіктірмей төлем жасауды жүзеге асыру туралы хабарлама жібере отырып,

Көрсетілетін қызметтерді алушылардың банктік шоттарынан Өнім берушілердің банктік шоттарына аударады;

3) екінші деңгейдегі банк/Ұлттық почта операторы әр айдың 1-інен 5-іне дейін тиісті Өнім берушілерге көрсеткен қызметтері үшін тиісті Көрсетілетін қызметтерді алушылардың екінші деңгейдегі банкте/Ұлттық почта операторында ашылған шоттарына кейіннен қолма-қол ақшасыз аударуға арналған қаражатты ай сайын аударып тұрады.

3.2. Бір тәрбиеленушіге жұмсалатын шығыстардың құнын жергілікті атқарушы орган Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 қарашадағы № 597 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, орта білім беруді, сондай-ақ техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беруді жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру әдістемесінің және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 қарашадағы № 596 бұйрығымен бекітілген Кредиттік оқыту технологиясын ескере отырып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, орта білім беруді, сондай-ақ техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беруді жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру қағидаларының негізінде айқындайды.

3.3. Виртуалды ваучер арқылы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру кезінде төлем жасау алдындағы қажетті құжаттар:

1) Осы Шарт;

2) Шарттар жасасу қағидаларына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілген қызметтердің актісі (актілері);

3) Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2019 жылғы 22 сәуірдегі № 370 бұйрығымен бекітілген Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде электрондық нысанда шот-фактура жазып беру қағидаларына (бұдан әрі – электрондық шот-фактура) сәйкес Өнім беруші электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесі арқылы Өнім беруші электрондық нысанда жазып берген, Өнім берушінің Тапсырыс берушіге көрсеткен қызметтері сипатталған, олардың жалпы сомасы көрсетілген шот-фактура;

4) білім беруді басқару органының ақпараттық жүйесінде техникалық ерекшеліктің 2.4-тармағында (Шартқа 1-қосымша) көрсетілген мерзімдерге сәйкес қалыптастырылатын және Тапсырыс берушінің ақпараттық жүйесіне ұсынылатын мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілерінің қатысуының электрондық табелі;

5) Тапсырыс беруші Өнім берушіге төлем жасау туралы тиісті талап жіберген жағдайда, мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілерінің қатысу табеліне негізсіз енгізілген әрбір тәрбиеленуші үшін қаржыландыру сомасының бюджетке өтелгенін, сондай-ақ Шарттың 8.3-тармағының 1) тармақ-шасында көзделген тұрақсыздық айыбының бюджет кірісіне төленгенін растайтын құжат (төлем жасау қызметін ұсынған екінші деңгейдегі банктің/Ұлттық почта операторының белгісімен).

3.4 Тапсырыс беруші мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысына қосылу кезінде білім беруді басқару органы ұсынатын мәліметтер негізінде ата-ана төлемақысының мөлшерін ресімдейді және әр айдың 5-іне дейін білім беруді басқару органына қаржыландыруға өтінім ұсынады. Қаржыландыруға өтінім топтар бөлінісінде орындар лимитін (келу, санаторийлік және түзету режимі бар жалпы білім беретін) әрбір топ бойынша тиісті топ үшін әкімдіктің қаулысымен

белгіленген жан басына шаққандағы қаржыландыру нормативіне көбейту жолымен айқындалады. Есептеу топтардың түрлері бойынша жеке-жеке жүргізіледі және жинақталады. Қорытынды сома айлық қаржыландыру өтінімінің мөлшері болып табылады.

3.5. Қаржылық ваучер арқылы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру кезінде төлем жасау алдындағы қажетті құжаттар:

1) осы Шарт;

2) бюджеттік қаражаттың нысаналы мақсатын сақтай отырып, Өнім берушімен қолма-қол ақшасыз есеп айырысуды көздейтін Көрсетілетін қызметтерді алушының атына екінші деңгейдегі банкпен/Ұлттық почта операторымен жасалған банктік шот шарты;

3) білім беруді басқару органының ақпараттық жүйесінде техникалық ерекшеліктің 2.4-тармағында (Шартқа 1-қосымша) көрсетілген мерзімдерге сәйкес қалыптастырылатын және Тапсырыс берушінің ақпараттық жүйесіне ұсынылатын мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілерінің қатысуының электрондық табелі.

3.6. Виртуалды ваучер арқылы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру шеңберінде қаржыландыру мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

1) мектепке дейінгі ұйымдарды қаржыландыру автоматтандырылған ақпараттық жүйелер: мемлекеттік сатып алудың веб-порталы, электрондық шот-фактура, Тапсырыс берушінің ақпараттық жүйесі, сондай-ақ білім беруді басқару органының ақпараттық жүйесі арқылы жүзеге асырылады;

2) білім беруді басқару органының ақпараттық жүйесінде Өнім беруші күн сайын мектепке дейінгі ұйымдар тәрбиеленушілерінің электрондық қатысу табелін жүргізуді жүзеге асырады;

3) мектепке дейінгі ұйымдар тәрбиеленушілерінің электрондық қатысу табельдері ықпалдасу арқылы техникалық ерекшелімнің (Шартқа 1-қосымша) 2.4-тармағында көрсетілген мерзімдерге сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы шеңберінде көрсетілген Қызметтерді есептеу жөніндегі есептілікті қалыптастыру үшін Тапсырыс берушінің ақпараттық жүйесіне беріледі;

4) Өнім беруші Тапсырыс берушінің ақпараттық жүйесінде мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы шеңберінде көрсетілген қызметтерді есептеу бойынша қалыптастырылған есептілікке электрондық цифрлық қолтаңбамен ай сайын қол қояды немесе кері қайтарады. Өнім беруші Тапсырыс берушінің ақпараттық жүйесінде есепке қол қойған кезде оған "Қол қойылды" деген мәртебе беріледі.

5) Өнім беруші электрондық цифрлық қолтаңбамен бекітілген көрсетілген қызметтер актісін мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы ресімдеп, Тапсырыс берушіге жібереді;

6) Тапсырыс беруші Өнім берушіден алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Өнім беруші ұсынған көрсетілген қызметтер актісіне электрондық цифрлық қолтаңбамен қол қояды не дәлелді негіздемелерді көрсете отырып, Қызметтерді қабылдаудан бас тартады;

7) Тапсырыс беруші көрсетілген қызметтер актісіне қол қойғаннан кейін электрондық шот-фактура жазады және Тапсырыс берушінің ақпараттық жүйесінде салыстырып тексеру жүргізеді;

8) Тапсырыс беруші көрсетілген қызметтер актісін бекіткеннен кейін Өнім берушінің электрондық шот-фактурасын қабылдайды;

9) Тапсырыс беруші осы Шарттың 2.3-тармағында көрсетілген жағдайдың туындауын қоспағанда, төлем жасауды осы Шартта белгіленген тәртіппен және мерзімдерде жүзеге асырады.

4-тарау. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

4.1. **Тапсырыс беруші:**

1) Тараптардан Шарттың орындалуына байланысты ақпаратты сұратуға және алуға;

2) Шартқа біржақты тәртіппен білім беруді басқару органының бекітілген бюджеті шегінде, оларды мемлекеттік сатып алу веб-порталына орналастыру арқылы өзгерістер енгізуге құқылы. Тараптардың Шартқа қосымша келісімдерге қол қоюы талап етілмейді. Тапсырыс беруші біржақты тәртіппен Шартқа енгізетін өзгерістер Тапсырыс беруші оларды мемлекеттік сатып алу веб-порталында орналастырған күннен бастап бес жұмыс күні өткен соң күшіне енеді (goszakup.gov.kz);

3) Өнім беруші ұсынатын мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілерінің қатысу табелін Ұлттық білім беру деректер қорының (бұдан әрі – ҰБДҚ) ақпаратымен және (немесе) мемлекеттік электрондық ақпараттық жүйелерімен салыстыру арқылы мектепке дейінгі ұйымдар тәрбиеленушілерінің нақты контингентіне мониторингті жүзеге асыруға;

4) Өнім берушіден қажет болған жағдайда Тапсырыс беруші бекіткен нысан бойынша мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілерінің қатысу табелін сұратуға;

5) Өнім беруші Шарттың 3.3-тармағының 5) тармақшасында көзделген Тапсырыс берушіге мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілерінің қатысу табеліне негізсіз енгізілген әрбір тәрбиеленуші үшін қаржыландыру сомасының бюджетке өтелгенін растайтын құжаттарды (төлем жасау қызметін ұсынған екінші деңгейдегі банктің/Ұлттық почта операторының белгісімен), сондай-ақ Шарттың 8.3-тармағының 1) тармақшасында көзделген тұрақсыздық айыбын бюджет кірісіне төлеуді ұсынғанға дейін Шарт бойынша төлеуді тоқтата тұруға;

6) Алгоритмде көзделген жағдайларда Көрсетілетін қызметтерді алушылар мен Өнім берушілерге қатысты қаржыландыруды тоқтата тұруға;

7) Тапсырыс беруші берген қаржыландыруға өтініміне сәйкес білім беруді басқару органы бекіткен тиісті қаржы жылына арналған бюджет қаражатының көлемі шегінде мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру мақсаттары үшін білім беруді басқару органынан Тапсырыс берушіге бюджет қаражатын уақтылы аударуды талап етуге құқылы.

Осы Шартты тиісінше орындау, оның ішінде Тараптар арасындағы есеп айырысулардың үздіксіздігін қамтамасыз ету мақсатында Тапсырыс беруші Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қаражатты жинауды, бөлуді және оның орын ауыстыруын қоса алғанда, келіп түсетін қаражатты техникалық басқаруды жүзеге асырады.

Осы Шартты орындау процесінде Тапсырыс берушінің шоттарындағы қаражат оның тиісті Өнім берушілерге нысаналы аударылуын не осы Шартта, Тапсырма шартында көзделген негіздер бойынша қайтарылуын ескере отырып, Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес көрсетілуге тиіс.

Қаражатты техникалық басқаруға байланысты оң айырмашылықтар немесе өзге де түсімдер пайда болған жағдайда Тапсырыс беруші оларды Қазақстан Республикасының заңнамасына және Тапсырыс берушінің ішкі құжаттарына сәйкес пайдалануға және оларға иелік етуге құқылы.

4.2. **Тапсырыс беруші:**

1) мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы Өнім берушілерге оларды мемлекеттік сатып алу веб-порталында орналастырылған Шартқа қосу мақсаттары үшін тиісті хабарламалар жіберуге, сондай-ақ ақпараттық жүйелері мен (немесе) мобильді қосымшалары Шартқа қосу мақсаттары үшін осы Шартты іске асыруға дайын екінші деңгейдегі банк/Ұлттық пошта операторы болған жағдайда оларға жазбаша хабарлама жіберуге;

2) Өнім берушілер тізбесі мен Көрсетілетін қызметтерді алушылардың тізімін оларда қамтылған мәліметтердің мемлекеттік электрондық ақпараттық жүйелердің, оның ішінде ҰБДҚ деректерімен сәйкестігі тұрғысынан тексеру жүргізуге міндетті. Өнім берушілер тізбесінде көрсетілген Өнім берушілер мәліметтерінің және (немесе) Көрсетілетін қызметтерді алушылар тізімінде көрсетілген Көрсетілетін қызметтерді алушылар мәліметтерінің сәйкессіздігі анықталған жағдайда Тапсырыс берушінің тәуекелдерді басқару жүйесінде верификация жүргізуге міндетті. Оларды верификациялау қорытындылары бойынша деректердің дұрыс еместігі анықталса, білім беруді басқару органын олар туралы мәліметтер мемлекеттік электрондық ақпараттық жүйелердің, оның ішінде ҰБДҚ ақпаратымен сәйкес келмейтін балаларды Көрсетілетін қызметтерді алушылар тізімінен және (немесе) сәйкес келмейтін мектепке дейінгі ұйымдарды Өнім берушілер тізбесінен алып тастау қажеттігі жайында хабардар етеді;

3) білім беруді басқару органына тиісті қаржы жылына мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысының көлемі, білім беруді басқару органы қалыптастырған шектерде қаржыландыруға арналған өтінімді уақтылы жіберуге;

4) тәуекелдерді басқару жүйесін жүргізуге;

5) білім беруді басқару органын Тапсырыс берушінің шотындағы қаражат қалдығы туралы есепті жылдан кейінгі жылдың 10 қаңтарынан кешіктірмей хабардар етуге міндетті;

<u>виртуалды ваучер арқылы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру кезінде:</u>

6) көрсетілген Қызметтердің сәйкессіздіктері анықталған кезде олар туралы Өнім берушіні жазбаша хабардар етуге, оның ішінде көрсетілген қызметтерді қабылдаудан бас тартқан кезде дәлелді негіздемелерді көрсете отырып, мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы хабардар етуге міндетті;

7) Өнім беруші ұсынған көрсетілген қызметтер актісіне оны Өнім берушіден алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде электрондық цифрлық қолтаңба арқылы

қол қоюға не дәлелді негіздемелерді көрсете отырып көрсетілген Қызметтерді қабылдаудан бас тартуға;

8) көрсетілген қызметтер актісі бекітілгеннен кейін Өнім берушінің электрондық шот-фактурасын қабылдауға;

9) осы Шарттың 2.3-тармағында көрсетілген жағдаяттың басталуын қоспағанда, осы Шартта белгіленген тәртіппен және мерзімдерде төлем жасауға;

қаржылық ваучер арқылы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру кезінде:

10) екінші деңгейдегі банктің/Ұлттық почта операторының банктік шоттар ашу және (немесе) екінші деңгейдегі банктің/Ұлттық почта операторының ақпараттық жүйесі мен (немесе) мобильді қосымшасында тіркеу туралы екінші деңгейдегі банкті/Ұлттық почта операторын, Қызмет алушылар мен Өнім берушілердің Өкілдерін хабардар ету мақсатында екінші деңгейдегі банкке/Ұлттық пошта операторына Көрсетілетін қызметтерді алушылардың тізімі мен Өнім берушілердің тізбесін жіберуге - мұндай тіркеу болмаған жағдайда;

11) тиісті Көрсетілетін қызметтерді алушылардың екінші деңгейдегі банкте/Ұлттық почта операторында ашылған шоттарына Өнім берушілердің көрсеткен қызметтері үшін оларға кейіннен қолма-қол ақшасыз аударуға арналған қаражатты ай сайын уақтылы аударып отыруға;

12) екінші деңгейдегі банктен/Ұлттық пошта операторынан алынған көшірмелерге сәйкес Өнім беруші ұсынған жалпы сомаға көрсетілген қызметтердің актісіне ағымдағы қаржы жылының 31 желтоқсанына дейін электрондық цифрлық қолтаңба арқылы қол қоюға не дәлелді негіздемелерді көрсете отырып, көрсетілген Қызметтерді қабылдаудан бас тартуға;

13) осы тармақтың 12) тармақшасында айтылған көрсетілген қызметтер актісі бекітілгеннен кейін Өнім берушінің электрондық шот-фактурасы қабылдауға міндетті.

Тапсырыс беруші білім беруді басқару органы, Өнім берушілер, Көрсетілетін қызметтерді алушылардың өкілдері немесе екінші деңгейдегі банктер/Ұлттық пошта операторы ұсынатын ақпараттың дұрыстығына, сондай-ақ сыртқы ақпараттық жүйелерден алынған деректерге негізделген автоматты есептеулердің дұрыстығына жауапты болмайды.

4.3. **Өнім беруші** Тапсырыс берушіден осы Шарттың 2.3-тармағында көрсетілген жағдаяттың басталуын қоспағанда, осы Шарттың 2.1-тармағында көрсетілген жалпы сома шегінде Шарт бойынша тиісті Тараптардың уәкілетті өкілдері нақты көрсеткен және қабылдаған Қызметтер үшін төлем жасауды талап етуге құқылы.

4.4.Өнім беруші**:**

1) осы Шарт бойынша міндеттемелердің толық және тиісінше орындалуын, оның ішінде техникалық ерекшелімге (Шартқа 1-қосымша) сәйкес көрсетілетін қызметтердің мерзімдері, көлемі мен сапасы сақталуын қамтамасыз етуге;

2) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде көрсетілетін қызметтердің Қазақстан Республикасы заңнамасының, оның ішінде білім беру, тұтынушылар құқықтарын, дербес деректерді қорғау және еңбек қорғау саласындағы заңнамасының талаптарға сәйкестігін қамтамасыз етуге;

3) Тапсырыс берушінің бірінші талабы бойынша шарт бойынша міндеттемелердің орындалу барысы туралы ақпарат беруге;

4) Өнім берушінің Шарт талаптарын тиісінше орындамауынан және/немесе Өнім берушінің өзге де заңсыз әрекеттерінен туындаған өзі келтірген залалдарды Тараптарға толық көлемінде өтеуге;

5) мектепке дейінгі ұйымдардың көрсетілетін қызметті алушы өкілдерінің келісімін мектепке дейінгі ұйымдар тәрбиеленушілерінің дербес деректерін Тараптарға беруге, сондай-ақ мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру шеңберінде Тараптар алған дербес деректерді жинауға және өңдеуге берген келісімін Өнім беруші мен Көрсетілетін қызметтерді алушылардың Өкілдері арасында жасалатын білім беру қызметтерін көрсету шартына енгізу жолымен «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 1-тармағына сәйкес осындай келісімді қамтамасыз етуге;

6) ҰБДҚ және білім беруді басқару органының ақпараттық жүйесінде мектепке дейінгі ұйымдар тәрбиеленушілерінің нақты контингенті және мектепке дейінгі ұйым объектісінің жобалық қуаты туралы ақпаратты уақтылы өзектендіруге;

7) қызметтерді Мемлекеттік жалпыға бірдей міндетті мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру стандарттары бойынша көрсетуге;

8) Шарттың қолданылу мерзімінде мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру саласындағы қызметтің басталғаны туралы тиісті қолданыстағы хабарламаның болуын қамтамасыз етуге міндетті. Хабарламаның болмауы не қолданылуын тоқтату Тапсырыс беруші шеккен залалдарды өтеу міндетін қоса алғанда, Өнім берушінің жауапкершілігіне әкеп соғады;

9) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы Өнім берушіні хабардар етудің қолданылуын тоқтатуға байланысты білім беру қызметтерін көрсетуге тыйым салу фактісі анықталған жағдайда Тапсырыс берушінің осындай тыйым салу кезеңі ішінде Өнім берушіге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруына байланысты Тапсырыс берушіге бюджет қаражаты есебінен шеккен шығыстарды толық көлемінде өтеуге;

10) орналасқан жері, мекенжайы өзгерген жағдайда өнім беруші бұл туралы білім беруді басқару органын орналасқан жері өзгергенге дейін 1 (бір) ай бұрын жазбаша хабардар етуге, сондай-ақ өзге де байланыс деректерінің өзгергені туралы ақпаратты Тапсырыс берушіні аталған өзгерістер болған күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде жазбаша түрде хабардар етуге міндетті;

11) көрсетілген Қызметтердің сәйкессіздіктерін анықтау туралы Тапсырыс берушінің хабарламасын алған жағдайда, Тапсырыс беруші хабарламада айқындаған мерзімде Тапсырыс беруші тарапынан қандай да бір қосымша шығындарсыз Тапсырыс беруші көрсеткен сәйкессіздіктерді жою жөнінде шаралар қолдануға;

12) ағымдағы қаржы жылына мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруға білім беру органымен жасалған шарт болған кезде осы қосылу шартын жасасуға байланысты соманы бұзу немесе азайту және мерзімді қысқарту туралы келісімге қол қоюға;

13) Көрсетілетін қызметтерді алушылар Өкілдерінің мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілерінің қатысу табелінің деректерімен келіспеу себебін қарау және қарау нәтижелері бойынша Көрсетілетін қызметтерді алушы Өкілінің мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілерінің онымен келіспеуіне байланысты (келіспеу себебін көрсете отырып) қатысу табелін өзгерту талабын қанағаттандыру/қанағаттандырудан бас тарту туралы тиісті шешім қабылдауға;

виртуалды ваучер арқылы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру кезінде:

14) мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілерінің қатысу табелін күнделікті негізде толтыру және білім беруді басқару органының ақпараттық жүйесінде растайтын құжаттардың болуын қамтамасыз етуге;

15) көрсетілген қызметтердің электрондық-цифрлық қолтаңбамен бекітілген актісін веб-портал арқылы ресімдеуге және Тапсырыс берушіге жіберуге;

16) көрсетілген қызметтердің актілерін ұсыну кезінде Тапсырыс берушіге Шарттың 3.3-тармағының 4) – 5) тармақшаларында көзделген төлемнің алдындағы құжаттарды ұсынуға;

17) Тапсырыс беруші көрсетілген қызметтер актісіне қол қойғаннан кейін электрондық шот-фактура жазып Тапсырыс берушінің ақпараттық жүйесінде салыстырып тексеруді жүргізеді;

қаржылық ваучер арқылы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру кезінде:

18) екінші деңгейдегі банктің/Ұлттық пошта операторының ақпараттық жүйесінде және (немесе) мобильді қосымшасында тіркеуден өтуге (ондай болмаған кезде);

19) мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілерінің қатысу табелін күнделікті толтыруға және екінші деңгейдегі банктің/Ұлттық почта операторының мобильді қосымшасында және (немесе) екінші деңгейдегі банк/Ұлттық почта операторы айқындайтын ақпараттық жүйеде растайтын құжаттардың болуын қамтамасыз етуге;

20) екінші деңгейдегі банктің/Ұлттық пошта операторының көшірмелеріне сәйкес сомаға электрондық цифрлық қолтаңбамен бекітілген көрсетілген қызметтер актісін ағымдағы қаржы жылының 28 желтоқсанынан кешіктірмей ресімдеп, оны Тапсырыс берушіге мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы жіберуге міндетті.

4.5. **Білім беруді басқару органы** Тараптардан мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру барысы туралы ақпаратты талап етуге құқылы.

4.6. **Білім беруді басқару органы**:

1) Тапсырыс берушіні мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру үшін қажетті құралдармен, оның ішінде білім беруді басқару органының және (немесе) ҰБДҚ-ның тиісті ақпараттық жүйесіне тұрақты қолжетімділікпен (логин мен пароль) қамтамасыз етуге;

2) Тапсырыс берушіге мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру мақсаттары үшін, білім беруді басқару органы бекіткен тиісті қаржы жылына арналған бюджет қаражатының көлемі шегінде Тапсырыс беруші берген қаржыландыруға арналған өтінімге сәйкес көлемде және мерзімдерде бюджет қаражатын аударуға;

3) Алгоритмге сәйкес білім беруді басқару органы қалыптастыратын Өнім берушілердің өзекті тізбесін және Қызмет алушылардың тізімін, сондай-ақ оларға барлық өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды уақтылы қалыптастырып, Тапсырыс берушіге ұсынуға;

4)Тапсырыс берушіге жеткізушілерді қосу немесе алып тастау барысында мектепке дейінгі ұйымдарды қаржыландыруға қажеттіліктің болжамды есебі көрсетілген жеткізушілердің өзектендірілген тізбесін ұсыну (Шартқа 2-қосымша);

5) білім беруді басқару органының Шарттың осы тармағының 1) – 3) тармақшаларында көзделген міндеттерді орындамауынан және (немесе) уақтылы орындамауынан туындаған залалды, шығындарды және басқа да залалдарды қоса алғанда, Тапсырыс берушіге залалдарды өтеуге;

6) мемлекеттік сатып алу веб-порталында Тапсырыс беруші осы Шартты жасасқан Көрсетілетін қызметтерді берушілермен жасалған шарттар болған кезде білім беруді басқару органы мұндай Өнім берушілерге шарттардың сомасын азайту және мерзімін қысқарту туралы келісімдерді осындай бұзуға немесе жасасуға байланысты қандай да бір айыппұл санкцияларын қолданбай, соманы азайту және мерзімін қысқарту туралы келісімдерді бұзуға немесе жасасуға;

7) тәрбиеленушілердің қатысу табелінде көрсетілген ақпаратты растау мақсатында Көрсетілетін қызметтерді алушылардың өкілдері ұсынған құжаттарды тексеруге;

8) қаржы жылына бір рет Өнім берушілердің Алгоритмнің 28-тармағы-ның шарттарын сақтауы және қамтамасыз етуі бойынша жоспарлы мониторинг жүргізуге міндетті.

4.7. **Екінші деңгейдегі банк/Ұлттық пошта операторы** Тапсырыс берушіден Өнім берушілердің өзекті тізбесін және Көрсетілетін қызметтерді алушылардың тізімін, сондай-ақ оларға барлық өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды ұсынуды талап етуге құқылы.

4.8. **Екінші деңгейдегі банк/Ұлттық пошта операторы:**

<u>қаржылық ваучер арқылы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру кезінде:</u>

1) білім беруді басқару органының ақпараттық жүйесі арқылы банктік шот ашу қажеттілігі туралы ақпарат берілген жағдайларды қоспағанда, қаржы ваучерін таңдаған кезде Тапсырыс беруші ұсынған Көрсетілетін қызметтерді алушылардың тізімі негізінде банктік шот ашу қажеттігі туралы хабардар етуге және оларға екінші деңгейдегі банктің/Ұлттық почта операторының ақпараттық жүйесінде және (немесе) мобильді қосымшасында тіркеу жөніндегі нұсқаулықты жіберуге;

2) ай сайын 5-іне дейін Тапсырыс берушімен келісілген нысан бойынша банктік шот ашылған Көрсетілетін қызметтерді алушы туралы ақпаратты Тапсырыс берушіге жіберуге;

3) Көрсетілетін қызметтерді алушылардың банктік шоттарынан Көрсетілетін қызметтерді алушылардың Өкілдеріне техникалық ерекшелімнің (Шартқа 1-қосымша) 2.4-тармағында көрсетілген мерзімде мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілерінің электрондық қатысу табелін алғаннан кейін есепті айдың 22-інен кешіктірмей төлем жасау туралы хабарлама жібере отырып, Өнім берушілердің банктік шоттарына мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілерінің келісілген электрондық қатысу табеліне және техникалық ерекшелімге (Шартқа 1-қосымша) сәйкес есептелген мөлшерде ақша аударуға;

4) есепті айда артық төленген және (немесе) қаржыландырудың жеткіліксіздігі болған жағдайда келесі айда қайта есептеу жүргізуге;

5) мына ақшаны:

- қаржы жылының 25 желтоқсанындағы жағдай бойынша пайдаланылмай қалған ақшаны Қызмет алушылардың шоттарынан;

- Алгоритмде көзделген жағдайда Қызмет алушылардың банктік шоттарында қалған ақшаны қаржы жылының 31 желтоқсанына дейін акцептсіз тәртіппен есептен шығарып, Тапсырыс берушіге аударуға;

6) ай сайын 15-інен кешіктірмей Тапсырыс берушіге Тапсырыс берушімен келісілген нысан бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруға пайдаланылған қаражат туралы ақпарат беруге;

7) тиісті Көрсетілетін қызметтерді алушыларға мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бойынша Өнім берушілер көрсеткен қызметтер үшін оларға кейіннен қолма-қол ақшасыз аударуға арналған бюджет қаражатының нысаналы мақсатының сақталуына кепілдік беруге, оның ішінде:

басқа Көрсетілетін қызметтерді алушы немесе өзге үшінші тұлға үшін білім беру қызметтеріне төлем жасау мақсатында бір Көрсетілетін қызметтерді алушының атына ашылған банктік шоттан бюджет қаражатын Өнім берушінің шотына аудару;

мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру шеңберінде ашылған Қызмет алушылардың банктік шоттарынан қолма-қол ақша беру фактілеріне жол бермеуге;

8) өзінің ақпараттық жүйесінің және (немесе) мобильді қосымшасының үздіксіз жұмысын қамтамасыз етуге міндетті.

4.9**. Көрсетілетін қызметтерді алушының Өкілі** тиісті ақпараттық жүйеге және (немесе) екінші деңгейдегі банктің/Ұлттық почта операторының мобильді қосымшасына орналастыру жолымен Өнім берушілердің өзекті тізбесін, сондай-ақ оған барлық өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды ұсынуды талап етуге құқылы.

4.10. **Көрсетілетін қызметтерді алушының Өкілі:**

1) қаржылық ваучерді таңдаған кезде екінші деңгейдегі банктен/Ұлттық пошта операторынан немесе білім беруді басқару органының ақпараттық жүйесі арқылы тиісті хабарлама алған жағдайда екінші деңгейдегі банктің/Ұлттық пошта операторының ақпараттық жүйесінде және (немесе) мобильді қосымшасында тіркеліп, екінші деңгейдегі банк/Ұлттық пошта операторы бекіткен нысан бойынша банктік шот шартына қол қоюға;

2) білім беруді басқару органының тиісті ақпараттық жүйесі арқылы мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бойынша білім беру қызметтерін көрсету туралы электрондық шарт жасасу қажет Өнім берушілердің тізбесіне енгізілген тиісті Өнім берушіні таңдауға;

3) тәрбиеленушілерінің электрондық қатысу табелін мектепке дейінгі ұйымның Көрсетілетін қызметтерді алушы есепті айдан кейінгі айдың 10-ынан кешіктірмей растауға міндетті. Көрсетілетін қызметтерді алушының Өкілі жоғарыда көрсетілген мерзімде мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілерінің қатысу табелін растамаған жағдайда, оның ішінде мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілерінің қатысу табелінің деректерімен келіспеу себебі бойынша растамаған жағдайда соңғысы Көрсетілетін қызметтерді алушының Өкілі тарапынан автоматты түрде расталған болып есептеледі.

4) облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың немесе астананың агломерациясына жатқызылған елді мекенде тіркелу жағдайларын қоспағанда, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту қызметі көрсетілетін елді мекенде тұрақты немесе уақытша тіркеудің болуын қамтамасыз етуге;

5) бала, тұрғылықты жері, баратын мектепке дейінгі ұйым туралы дұрыс деректердің қоса алғанда, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру

тапсырысын орналастыруға қатысу үшін қажетті мәліметтердің өзектілігін қамтамасыз етуге, сондай-ақ көрсетілетін Қызметтерді алу құқығына әсер ететін өзгерістер туралы уақтылы хабарлауға міндетті.

4.11. Шартқа қосыла отырып, Көрсетілетін қызметтерді алушының Өкілі:

1) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру мақсаттары үшін екінші деңгейдегі банкте/Ұлттық почта операторында ашылған Көрсетілетін қызметтерді алушының шотына түскен ақша Көрсетілетін қызметтерді алушының және (немесе) оның Өкілінің меншігі болып табылмайтынын және тиісті жергілікті бюджетке, оның ішінде олар нысаналы мақсатында пайдаланылмаған кезде және Шартта көзделген басқа да негіздер бойынша қайтарылуға жататынын түсінеді және қабылдайды;

2) Шартта көзделген жағдайларда екінші деңгейдегі банкке/Ұлттық почта операторына Көрсетілетін қызметтерді алушының шотынан ақшаны акцептсіз есептен шығаруға өз келісімін береді;

3) Тараптарға олардың Шартты орындауы мақсатында банктік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді екінші деңгейдегі банктің/Ұлттық почта операторының ашуына/ұсынуына өз келісімін береді.

5-тарау. Қызметтердің техникалық ерекшелімге сәйкестігін тексеру

5.1. Тапсырыс беруші немесе оның өкілдері көрсетілетін Қызметтердің Шартта және техникалық ерекшелімде (Шартқа 1-қосымша) көрсетілген талаптарға сәйкестігіне бақылау және тексеру жүргізе алады. Тапсырыс беруші осы мақсаттар үшін айқындалған өзінің өкілдері туралы Өнім берушіні жазбаша түрде уақтылы хабардар етуге тиіс.

5.2. Осы Шарт шеңберінде Өнім беруші көрсететін қызметтер техникалық ерекшелімде (Шартқа 1-қосымша) белгіленген талаптарға сәйкес келуге және Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы қолданыстағы заңнамасында көзделген стандарттардан төмен болмауға тиіс.

5.3. Егер көрсетілген Қызметтердің нәтижелері тексеру кезінде Шарттың және техникалық ерекшелімнің (Шартқа 1-қосымша) талаптарына сәйкес келмейді деп танылса, Өнім беруші сәйкессіздіктерді жою туралы хабарламада Тапсырыс беруші айқындаған мерзімде Тапсырыс беруші тарапынан қандай да бір қосымша шығындарсыз оларды жою жөнінде шаралар қабылдайды.

5.4. Осы тараудың ережелері Өнім берушіні осы Шартта, техникалық ерекшелімде (Шартқа 1-қосымша) және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де міндеттемелерден босатпайды. Өнім берушінің барлық міндеттемелері тиісті сапада, көлемде және белгіленген мерзімде орындалуға тиіс.

6-тарау. Қызмет көрсету

6.1. Өнім берушінің Қызметтер көрсетуі 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап 30 маусымға дейін (қоса алғанда), бірақ білім беруді басқару органы тиісті Өнім берушіні 2026 жылға арналған Өнім берушілер тізбесіне енгізген күннен ерте емес кезеңде жүзеге асырылады.

6.2. Шарттың және техникалық ерекшелімнің (Шартқа 1-қосымша) талаптарына қатаң сәйкес белгіленген нысанда Өнім беруші қалыптастырған мемлекеттік сатып алу веб-порталында көрсетілген қызметтердің қол қойылған актілері негізінде Тапсырыс берушінің уәкілетті өкілдері сөзсіз және құжатпен расталған қабылдаған жағдайда көрсетілген Қызметтер толық көлемінде және тиісті сапада көрсетілген болып есептеледі.

7-тарау. Кепілдік

7.1. Өнім беруші Шарттың және қоса берілген техникалық ерекшелімнің (Шартқа 1-қосымша) талаптарына сәйкес көрсетілетін Қызметтердің тиісінше, үздіксіз және уақтылы көрсетілуін қамтамасыз етуге кепілдік береді.

7.2. Шарттың 4-тарауында көзделген тәртіппен жүргізілген тексеру нәтижелері бойынша Тапсырыс беруші қателіктер, кемшіліктер, сәйкессіздіктер және белгіленген талаптардан өзге де ауытқулар анықтаған жағдайларды қоса алғанда, Өнім беруші анықталған осындай кемшіліктерді өтеусіз жоюға кепілдік береді.

7.3. Тараптар осы кепілдікке байланысты барлық шағымдар туралы Өнім берушіні жазбаша түрде жедел хабардар етуге міндетті, содан кейін Өнім беруші хабарламада тиісті Тарап айқындаған мерзімде осыған байланысты барлық шығыстарды қоса алғанда, кемшіліктерді өз есебінен жою жөнінде шаралар қабылдауға тиіс.

7.4. Егер Өнім беруші хабарламаны алғаннан кейін кемшіліктерді жою жөнінде тиісті шараларды уақтылы қабылдамаса, тиісті Тарап Өнім берушінің есебінен және Өнім берушіге қатысты Шарт бойынша тиісті Тарап иеленуі мүмкін басқа да құқықтарға қандай да бір залалсыз кемшіліктерді жою жөнінде қажетті санкциялар мен шараларды қолдана алады.

8-тарау. Тараптардың жауапкершілігі

8.1. Тараптар осы Шарт шеңберінде өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, барлық даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

8.2. Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз Өнім берушінің осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық не ішінара біреуге беруіне жол берілмейді.

8.3. Өнім беруші:

1) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Тапсырыс берушіге берілген мәліметтердің, оның ішінде мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілерінің қатысу табелінің және ҰБДҚ-ға және (немесе) білім беруді басқару органының ақпараттық жүйесіне енгізілген мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілерінің нақты контингенті туралы деректердің дұрыстығы үшін мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілерінің электронды қатысу табеліне негізсіз енгізілуі анықталуының бірінші жағдайында қаржыландыру сомасын өтеу және бюджетке тұрақсыздық айыбын төлеу түрінде жауаптылықта болады, Өнім беруші техникалық ерекшелімнің (Шартқа 1-қосымша) талаптарына сәйкессіздіктерді жою жөнінде шаралар қабылдайды, тұрақсыздық айыбының мөлшері залал сомасының 50%, бұрмалау фактісі қайта анықталған кезде мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілерінің

қатысу табеліне тиісті ай үшін негізсіз енгізілген әрбір тәрбиеленуші үшін жылына бір тәрбиеленушіге қаржыландырудың жылдық жан басына шаққандағы нормативі мөлшерін құрайды, тиісінше Тапсырыс беруші Өнім берушіге төлем жасау туралы тиісті талап жіберген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей төлеуге міндетті. Бұл ретте жиынтығында тұрақсыздық айыбы сомасының мөлшері бұзушылық анықталған және тұрақсыздық айыбы сомасын есептеу сәтінде қолданылатын республикалық бюджет туралы заңда белгіленген 700 айлық есептік көрсеткіштен аспауға тиіс.

Тұрақсыздық айыбын төлеу туралы талапты Тапсырыс беруші мемлекеттік сатып алу веб-порталында Өнім беруші көрсеткен электрондық поштаға және (немесе) телефон нөміріне не олар болмаған кезде мемлекеттік сатып алу веб-порталында көрсетілген пошталық мекенжайына жібереді.

Осы тармақшада көзделген тұрақсыздық айыбын төлеу түріндегі жауапкершілік мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілерінің нақты контингенті туралы бұдан бұрын берілген мәліметтердің дұрыс еместігі туралы Тапсырыс берушіге дербес жазбаша хабарлаған Өнім берушілерге қолданылмайды;

2) осы Шарттың 4.4-тармағының 8) тармақшасында көзделген міндетті орындамағаны үшін Өнім берушінің мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарламасының қолданылуы тоқтатылуына байланысты оның білім беру қызметтерін көрсетуіне тыйым салыну кезеңінде Тапсырыс берушінің Өнім берушіге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруына байланысты бюджет қаражаты есебінен жұмсалған шығыстарды Тапсырыс беруші арқылы мемлекеттік бюджетке толық өтеуі түрінде жауаптылықта болады.

9-тарау. Шарттың қолданылу мерзімі және оны бұзу шарттары

